

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Құрман орта мектебі» КММ**

030906, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Көптоғай ауылдық округі, Көптоғай ауылы, Мектеп көшесі, 4 үй.
030906, Актыобинская область, Уилский район, Коптогайский сельский округ, село Коптогай, ул. Мектеп, дом 4

№ 30/1

2023 жылғы «01» қыркүйек
Коптоғай ауылы

«01» сентября 2023 год
село Коптогай

**Мектептік психологиялық-педагогикалық
қолдау қызметін құру туралы**

«Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығын жүзеге асыру мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі төмендегі құрамда құрылсын:
 - 1) Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің төрайымы – мектеп директоры Н.Таушанова
 - 2) Педагог-психолог – Ш.Тайборина
 - 3) Әлеуметтік педагог – Э.Калдыгулова
 - 4) Педагог-ассистент – Қ.Зейноллаева
2. 2023-2024 оқу жылында мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құрамы осы құрамда бекітілсін.
3. Мектептік психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің басшылығына директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары М.Нурмаганбетова тағайындалсын.
4. Мектептік психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің басшысына:
 - 1) Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру процесін ұйымдастыру және бақылау;
 - 2) ППҚ қызметінің жұмыс жоспарын әзірлеу;
 - 3) Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламаларын жасауға, қолдап отырудың нәтижелерін, даму динамикасын, білім алушылардың жетістіктерін талқылауға қатысу;
 - 4) Осы бұйрықтың орындалуын бақылау ДООЖО М.Нурмаганбетоваға жүктелсін.

Мектеп директоры



Н.Таушанова



Бекітемін: *Handwritten signature*
Мектеп директоры
Н.Ж.Таушанова
«04» қыркүйек 2023 жыл

Құрман орта мектебінің ерекше білімді қажет ететін оқушыларға арналған педагогикалық-психологиялық қолдау қызметінің 2023-2024 оқу жылына жылдық жұмыс жоспары.

Мақсаты : мектебіміздегі мүмкіндігі шектеулі оқушылардың білім алуына, дамуындағы ауытқуды түзетуіне, медициналық, психологиялық және әлеуметтік көмек алуына ықпал ету жан-жақты қолдау.

№	Іс-шараның атауы	Мерзімі	Жауапты
	Ерекше білімді қажет ететін оқушылар туралы мәліметті толықтыру, оқушыны мектептегі білім беру үрдісіне бейімдеу	Қыркүйек	ДТІЖО Әлеуметтік педагог Психолог Медбике
	Оқушылар үйлерін аралап ата-аналармен қарым-қатынасын әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын, отбасылық ахуалын қадағалау	Қазан	Әлеуметтік педагог Психолог Медбике
3	«Өмір-бақыт.Өз қолыңда» тренинг	Қараша	Әлеуметтік педагог Психолог
4	Аудан әкімі атындағы шыршаға қатыстыру(кұжаттарын дайындау)	Желтоқсан	Класс жетекшісі Әлеуметтік педагог
5	Оқушылар үйлерін аралап ата-аналармен қарым-қатынасын әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы, отбасылық ахуалын қадағалау.	үнемі	Класс жетекшісі Әлеуметтік педагог Психолог
6	«Мен бақытты баламын» мәдени іс шара	Ақпан	ДТІЖО Әлеуметтік педагог Психолог
7	«Мейірімділік асыл қасиет» қайырымдылық акциясы	Наурыз	Әлеуметтік педагог Психолог
8	Білім беру саласындағы жергілікті мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды оңалту орталықтарымен, кабинеттерімен ынтымақтастықта жұмыс жасау	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог Психолог Медбике
9	«Армандар орындалады» акциясы (оқушылардың армандарын орындалуына ықпал ету)	Сәуір	Класс жетекшісі Әлеуметтік педагог Психолог
10	Облыстық ПМПК комиссиясына оқушылардың құжаттарын ата-анамен бірлесіп дайындау Балалардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыруына ықпал ету.	Мамыр	Әлеуметтік педагог Психолог Медбике Класс жетекшісі
11	Ерекше білімді қажет ететін балаларға «Тосын сый» акциясын ұйымдастыру(туған күндерінде ерекше қуанту)	Жыл бойы	ДТІЖО Әлеуметтік педагог Психолог

Педагог-психолог: Ш.А.Тайборина

Әлеуметтік педагог: Э.С.Калдыгулова


«Қол іздері» ойыны.



«Менің көңіл-күйім» жаттығуы.



Саусақ, қол икемділігін жетілдіру



А н ы қ т а м а

Түзету- дамыту жұмысы

Жүргізілді: 6 класс оқушысы Амангелді Ақжол

Мерзімі: 19 қыркүйек айы 2023ж

Тақырыбы: Мен кімін ?

Мақсаты: Оқушының өзіндік жеке мінез-құлықындағы көріністерін кеңейту.

Сабақтың барысы:

I.Ұйымдастыру кезеңі. Оқушымен амандасу,таңысу.Сабаққа керекті заттарды дайындап.Оқушының зейінін сабаққа аудару.

II.Қабылдауға дайындау: Тақпақты оқи отырып, оқушымен бірге айтылады.

III.Жаңа тақырып.

Құрметті оқушы, біз бүгіннен бастап қызықты сабақты өтеміз. Бұл сабақтарда көптеген жаңа тақырыптармен танысамыз, тапсырмалар орындаймыз, ойын ойнаймыз. Бірақ ең алдымен сенімен жақсырақ танысуым керек (атын кім қойғаны туралы айтады)

IV. Әңгімелесу.

1.Мен кімін? деген сұраққа қанша рет түрлендіріп жауап жаза аласың?

2. «Жеке тұлға» қоғамдағы орның қандай?

IV.Сабақты пысықтау.

1.Өзінді қалай сезінудесің?

2.Көңіл-күйін өзгерді ме?

3.Саған бүгінгі сабақ ұнады ма?

Қорытынды: Ақжолдың көңіл-күйі жақсы болды. Қызығушылықпен қатысты.

Сұрақтарға жауап беруде, берілген тапсырмаларды орындайды.

Мектеп психологі:Ш.Тайборина

Анықтама

Түзету- дамыту жұмысы

Жүргізілді: 6 класс оқушысы Амангелді Ақжол
Мерзімі: 12 қазан айы 2023ж

Тақырыбы: Біздің көңіл- күйіміз.

Мақсат: Оқушылардың көңіл күйін көтеру, оқушының өз көңіл күйін игере білуге және басқаруға, қадағалауға, дұрыс бағалай білуге тәрбиелеу.

Қажетті құралдар: әр түрлі эмоция түрлері бейнеленген суреттер, карточкалар, Сіз қалай күлесіз?

1.Сабақтың негізгі бөлімі:

Сабағымызды бастамас бұрын эмоция дегеніміз не? Сол сұраққа жауап берейік. Сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының адамның қажеттеріне сәйкес келу-келмеуінің нәтижесінде пайда болып отыратын психологиялық процестің түрін сезім, эмоция дейміз.

2.«Бет перделер» жаттығуы. Әрбір сабақты көңіл- күйді сұраудан бастаймыз. Ол үшін мен үш бет перделер дайындаймыз. Онда 3 келбет бейнеленген: көңілді, мұңды, ашулы. Оларға мұқият қарап сабаққа келген көңіл-күйіңізді таңдаңыздар және не үшін екенін түсіндіріңіздер.

3. «Менің көңіл-күйім неге ұқсайды?»

Бұл жаттығу оқушылардың көңіл-күйін «қазір және осында» бейнесін сезінуге көмектеседі.

Нұсқау: Өзіңізді тыңдаңыз. Сіздің көңіл-күйіңіз қандай түске ұқсайды? Қандай жыл мезгіліне немесе қандай ауа райына, қандай гүлге ұқсайды. Параққа көңіл күйлеріңіздің суреттің салыңыз.

4.Күлкі жаттығулары:

Қорытынды:

Ақжол көңіл-күйі жақсы болды. Көңіл-күйін жақсы басқара алады.

Қызығушылықпен қатысты. Бет перделерде таңдауда жәнеде басқа сұрақтарға жауап береді.

Мектеп психологі:Ш.Тайборина

Анықтама

Түзету- дамыту жұмысы

Жүргізілді: 6 класс оқушысы Амангелді Ақжол

Мерзімі: 15 қараша айы 2023ж

Сабақтың тақырыбы: «Қоршаған орта және біз»

Мақсаты: Қоршаған ортада өз орнын анықтау. Сөздік қорды кеңейту. Диалогтік сөзді дамыту.

Көрнекіліктер: түрлі-түсті қарындаштар мен қағаздар.

Сабақ барысы:

I. «Үш бұрыштар салайық» жаттығуы. тыныс алу жаттығуы.

II. «Мен кімін?» жаттығуы

1. Сұрақтарға жауаптар:

2. Жұмыстың жылдамдығы және өзіндік орындалуы бағаланады?

III. «Өзінді қалай көріп тұрсың және қай жерде болғың келеді» тақырыбына сурет салу.

Құм терапиясы. Ойын «Қол іздері»

Ойын барысы:

Құмның тегіс беткі қабатында балалар мен ересек адам кезекпен қол іздерін салады: ішкі және сыртқы жақпен. Қолды сәл басыңқырап, құмда ұстап тұру және өз түйсігінді сезіну маңызды. Балалар нені сезетіндігін айтып шығады.

IV. «Көзімізбен үшбұрыштар салайық» жаттығуы.

V. Рефлексия. Өзінің көңіл-күймен бөлісу

Қорытынды: «Үш бұрыштар салайық» жаттығуы. тыныс алу жаттығуын жақсы орындады. «Мен кімін?» жаттығуы сұрақтарға жауаптарына жақсы жауап берді. Қай жерде болғын келеді деген сурет салуда өз отбасы мүшелерін және мектепті салған. «Қол іздері» ойынына қызыға қатысты. Сабақ барысында жақсы қарым-қатынас жасай білді.

Ұсыныс: Дамыту жұмыстарың жүргізу.

Мектеп психологі: Ш.Тайборина

Анықтама

Түзету- дамыту жұмысы

Жүргізілді: 6 класс оқушысы Амангелді Ақжол

Мерзімі: 16 қаңтар айы 2024ж

Сабақтың тақырыбы: Таным үрдістерін дамыту.

Сабақтың мақсаты:

1. Оқушыны тапсырмаларды өздігінен орындай білуге үйрету.
2. Оқушының бойындағы қабілеттерін дамыту.

Сабақтың барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі .Оқушымен амандасу.Сабаққа керекті заттарды дайындап. Оқушының зейінін сабаққа аудару.

II.Қабылдауға дайындау.

-Сабағымыздың алдында бірнеше жаттығу жасаймыз.

III.Жаңа тақырып.

1.Тапсырма. Түсті қарындаштар дайында.Суретте әріптер жазылған.Сен «к» және «а» әріптерін сыз, ал «а» әрпін домалақтап ал. Мен«тоқта»деген кезде,сен қарындашты қоясын.(оқушыға 2 минут беріледі)

2.тапсырма Мен қазір бірнеше сөздерді оқимын,сен мұқият тыңдап,есіңе сақтауға тырыс.Содан кейін суреттен сол оқылған сөздерді тауып,белгіле.

Сөздер: үстел,ара,қарындаш,бас киім,гүл,балта,орындық,дәптер,машина.

Содан кейін,әр топта артық затты тауып боя.

3 тапсырма. Әр жолда шеңберді құрайтын екі бөлікті тауып,боя.

IV.Сабақты пысықтау:

1.Бүгінгі тапсырмалар қандай болды?

2.Қай тапсырма күрделі болды?

3.Көңіл-күйін қандай?

Қорытынды:

Ақжолдың көңіл-күйі жақсы болды. Тапсырмаларда орындауда түстерді, әріптерді айыра біледі.. Суреттермен жұмыс барысында, артық заттарды табуда жауап берді.

«Құрман орта мектебі» КММ
Диагностика қорытындысы бойынша
Хаттама №25

Тақырыбы: « Мен қандаймын» әдістемесі.

Мақсат: Жеке тұлғаның өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау.

Әдіс: тест.

Күні: 21.12.2023ж

Кіммен өткізілді: Мамай Жанар

Жұмыстың бағыты: психодиагностика.

Қажетті құралдар: тесті бланкісі, қалам.

Нұсқау: Берілген шеңберлердің ішіне қалаған, өзіңе ұнаған жеріне «МЕН» деп жаз.

Қорытынды: Берілген шеңберлердің 5-ші шеңберіне «МЕН» деп белгіледі.

Өзін-өзі бағалауы ортаңғы деңгей.

Ұсыныс:

Класс жетекші: Класс сағаттарында өзін-өзі бағалау деңгейін көтеруге ықпал жасау.

Ойын-жаттығулар жүргізу.

Педагог-психолог: Өзін-өзі бағалау деңгейін жоғарлату мақсатында дамыту жұмыстарың жүргізу.

Мектеп психологі: Ш.Тайборина

«Құрман орта мектебі» КММ
Диагностика қорытындысы бойынша
Хаттама №26

Тақырыбы: « Мен қандаймын» әдістемесі.

Мақсат: Жеке тұлғаның өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау.

Әдіс: тест.

Күні: 21.12.2023ж

Кіммен өткізілді: Амангелді Ақжол

Жұмыстың бағыты: психодиагностика.

Қажетті құралдар: тесті бланкісі, қалам.

Нұсқау: Берілген шеңберлердің ішіне қалаған, өзіңе ұнаған жеріне «МЕН» деп жаз.

Қорытынды: Берілген шеңберлердің 8-ші шеңберіне «МЕН» деп белгіледі.

Өзін-өзі бағалауы жоғары деңгей.

Қорытынды: Өзін-өзі бағалау деңгейін жақсы

Ұсыныс:

Класс жетекші: Класс сағаттарында өзін-өзі бағалау деңгейін қалыпты болуына ықпал жасау. Ойын - жаттығулар жүргізу.

Мектеп психологі: Ш.Тайборина

«Құрман орта мектебі» КММ
Диагностика қорытындысы бойынша

Хаттама №19

Диагностиканың атауы : Социометрия әдістемесі

Мақсаты: Класс ішіндегі қарым – қатынасын, оқушыларының тілегін мүддесін анықтау.

Жүргізілген уақыты: 09.11.2023ж

Класы: 6

Жүргізілді: Амангелді Ақжол

Қатысқан білім алушы: 12 (қатыспаған білім алушы саны: жоқ)

Диагностика:

Қорытындысы: Класқа 3 немесе 4 сұрақ қойылады.

1.Туған күніңе кімді шақырасың?

2.Қиын жағдайда кімнен көмек сұрар едің?

3.Кімнің староста болғаның қалайсың? Әр сұраққа өз класынан 3 оқушыны таңдайды.

Қорытынды:

Ақжол топқа қабылданады .

Ұсыныстар:

Педагог-психологқа : Оқушылармен тығыз байланысты болу.

Класс жетекшіге: Достық қарым-қатынас туралы әңгілер өткізу. Класста топтан оқшау оқушы жоқ. Дегенмен оқушылар арасындағы қарым - қатынасты бақылап отыру қажет.

Педагог – психолог: Ш.Тайборина

«Құрман орта мектебі» КММ
Диагностика қорытындысы бойынша

Хаттама № 20

Диагностиканың атауы : Социометрия әдістемесі

Мақсаты: Класс ішіндегі қарым – қатынасын, оқушыларының тілегін мүддесін анықтау.

Жүргізілген уақыты: 09.11.2023ж

Класы: 6

Жүргізілді: Мамай Жанар

Қатысқан білім алушы: 12 (қатыспаған білім алушы саны: жоқ)

Диагностика:

Қорытындысы: Класқа 3 немесе 4 сұрақ қойылады.

1.Туған күніңе кімді шақырасың?

2.Қиын жағдайда кімнен көмек сұрар едің?

3.Кімнің староста болғаның қалайсың? Әр сұраққа өз класынан 3 оқушыны таңдайды.

Қорытынды:

Жанар топқа қабылданады. Достары бар, жақсы қарым-қатынаста.

Ұсыныстар:

Педагог-психологқа : Оқушылармен тығыз байланысты болу.

Класс жетекшіге: Достық қарым-қатынас туралы әңгілер өткізу. Класста топтан оқшау оқушы жоқ. Дегенмен оқушылар арасындағы қарым - қатынасты бақылап отыру қажет.

Педагог – психолог: Ш.Тайборина

«Құрман орта мектебі» КММ
Диагностика қорытындысы бойынша
Хаттама № 28

Мерзімі: 11 қаңтар айы 2024ж
Сыныбы: 6 класс Амангелді Ақжол

Сабақтың тақырыбы: «Төртінші артық» ойыны

Мақсаты: Логикалық ойлауды, есте сақтауды, зейінді дамыту.

Ойын барысы:

Балаларға тапсырма беріледі: «Суреттерді қарастырыңыз атаңыз, оларға не бейнеленген және анықтаңыз». Қай зат немесе жануарлар т.б. артық

Карточка арналған ойындар:

Мысалы:

1.Мысық, түлкі, тиін, қасқыр. Мысық артық, өйткені бұл үй жануарларын, ал қалғандары - жабайы жануарлар.

Сабақты пысықтау.

1.Бүгінгі тапсырмалар ұнады ма?

2.Қайсысы күрделі болды?Неге?

Қорытынды :

Жұмыс барысында мысалдар келтіріліп көрсетілді. Тапсырмаларды орындады. Бейнеленген суреттерді анықтады. Ақжол суреттердің атауын жақсы айтты.

Ұсыныс:

Пән мұғалімдері: Таным процестері деңгейін дамытуға, қосымша жұмыстар тапсырмалар жүргізу.

Педагог-психолог: Түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу.

Мектеп психологі:Ш.Тайборина

«Құрман орта мектебі» КММ
Диагностика қорытындысы бойынша
Хаттама № 29

Мерзімі: 11 қаңтар айы 2024ж
Сыныбы: 6 класс Мамай Жанар

Сабақтың тақырыбы: «Төртінші артық» ойыны

Мақсаты: Логикалық ойлауды, есте сақтауды, зейінді дамыту.

Ойын барысы:

Балаларға тапсырма беріледі: «Суреттерді қарастырыңыз атаңыз, оларға не бейнеленген және анықтаңыз». Қай зат немесе жануарлар т.б. артық

Карточка арналған ойындар:

Мысалы:

1.Мысық, түлкі, тиін, қасқыр. Мысық артық, өйткені бұл үй жануарларын, ал қалғандары - жабайы жануарлар.

Сабақты пысықтау.

- 1.Бүгінгі тапсырмалар ұнады ма?
- 2.Қайсысы күрделі болды?Неге?

Қорытынды :

Жұмыс барысында мысалдар келтіріліп көрсетілді. Тапсырмаларды орындады. Тапсырманы орындау кезінде, баяу. Бірнеше қайталауды, көмекті қажет етеді. Бейнеленген суреттерді анықтады. Жанар суреттердің атауын көмек арқылы жақсы айтты


Ұсыныс:

Пән мұғалімдері: Таным процестері деңгейін дамытуға, қосымша жұмыстар тапсырмалар жүргізу.

Педагог-психолог: Түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу.

Мектеп психологі:Ш.Тайборина



Бекітемін: 
Мектеп директоры
Н.Ж.Таушанова

«04» қыркүйек 2023 жыл

1-4 сынып оқушыларының ата-аналарын педагогикалық қолдау бағдарламасы

2023-20224 оқу жылы

№	Тақырыбы	Мазмұны	мерзімі	Өтетін орны	жауапты
1	Отбасы – бақыт бесігі Ата-ана өмірінің басты мақсаты бақытты адам тәрбиелеу	<ol style="list-style-type: none">1. Балалардың әл-ауқаты оның бақытты өмірінің негізі2. Ата-ананың баланың әл-ауқатына жауапкершілігі3. Кішкентай балалардың жас және әлеуметтік ерекшеліктері4. Отбасында жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру: ата-ананың балаға назар аударуы, қолдау, позитивті қарым-қатынас, өзара түсіністік, сенімге құрылған қарым-қатынас5. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген отбасылық тәрбие әдістері	қазан	№ 2 бастауыш сынып кабинеті	4 сынып жетекшісі Ә. Мысағалиева
2	Білімдіге дүние жарық. Таным қуанышы: баланың қызыға оқуына қалай көмектесеміз?	<ol style="list-style-type: none">1. Баланың жеке басын дамытудағы мектепке бейімделуінің маңызы2. Баланың танымдық қабілеттерінің даму деңгейін және мектепке бейімделуін диагностикалау3. Баланың есте сақтау қабілетін, зейінін, ойлауын және қарым-қатынас жасау дағдыларын ұлттық мәдениет негізінде дамыту әдістері4. Үй тапсырмасы: көмектесеміз бе әлде...5. Балалардың оқуға қызығушылығын арттыру үшін отбасы мен мектептің өзара әрекеті	Қараша	№2 бастауыш сынып кабинеті	3 сынып жетекшісі Р.Базарова
3	Әрбір бала – жарық жұлдыз Әр баланың ерекшелігін қалай ашамыз?	<ol style="list-style-type: none">1. Баланың ерік-жігері мен мінезін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу2. Баланың оқуына, мінез-құлқына және жасауына қарым-қатынас жасауына темпераменттің әсері. Ауру қалса да, әдет қалмайды.3. Баланың даралығын темпераментіне сәйкес қалай ашуға болады?4. Әр баланың бірегейлігін ашудағы отбасы мен мектептің өзара	Желтоқсан	Биология кабинеті	2 сынып жетекшісі Р.Ниязова

		әрекеті.			
4	Баланы жастан... Бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны қалай дамытуға болады?	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ойындар – баланы дамытудың негізгі құралы. 2. Интеллектуалды ойындар және олардың бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны дамытуға әсері. 3. Балалар мен ата-аналарға арналған ұлттық және отбасылық интеллектуалдық ойындар. 4. Баланың тапқырлығы мен эрудициясын дамытуда отбасы мен мектептің өзара әрекеті. 	Қаңтар	№2 бастауыш сынып кабинеті	МАД топ жетекшісі Ә.Әжняязова
5	Құмар ойындары – тәуелділік қақпаны Балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігін қалай жеңуге болады?	<ol style="list-style-type: none"> 1. Компьютерлік ойындардың баланың психикасына әсері 2. Интернетті пайдалану режимін сақтау 3. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен. Баланы ойынға тәуелділіктен қалай қорғауға болады? 4. Компьютерлік ойындарға балама ретінде: спорт, белсенді ойындар, шығармашылық, оқу, серуендеу, театр және т.б. 	Ақпан	биология кабинеті	4 сынып жетекшісі Ә Мысағалиева
6	Сенім арту – жетістік кепілі Қиын жағдайда баланы қалай қолдау керек?	<ol style="list-style-type: none"> 1. Бала өміріндегі қиындықтар 2. Агрессия, өтірік айту, ашулану және басқа қиын жағдайлардағы баланың сезімі. Әдепті бала – арлы бала, әдепсіз бала – сорлы бала 3. Қиын жағдайға қалған балаға түсіністікпен қарау 4. Қиын жағдайға қалған баланы қолдаудың тиімді жолдары 5. Жағдайды шешуде баланың күшті жақтарына сүйену 	Наурыз	қазақ тілі кабинеті	3 сынып жетекшісі Р.Базарова
7	Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер	<ol style="list-style-type: none"> 1. Отбасында уақытты бірге өткізудің пайдасы. 2. Ата-ананың күнделікті өмірде үлгі болатын маңызды қасиеттері. 3. Балаға жақсы әдеттерді үйрету. 4. Уәдесін орындау – ата-ананың ең басты қағидасы. 5. Балапан ұядан не көрсе, ұшқанда соны іледі. 	Сәуір	№ 2 бастауыш сынып кабинеті	2 сынып жетекшісі Р.Ниязова
8	Тәліммен өрілген біздің дәстүр Дәстүрлер отбасылық әл ауқаттың негізі ретінде	<ol style="list-style-type: none"> 1. Отбасылық дәстүрлердің өзектілігі. Отбасылық дәстүрлер – отбасындағы қарым-қатынасты нығайтудың, сенімнің, сүйіспеншіліктің көрінісі. 2. Тәрбие тәлімнен. Тату үйдің тамағы тәтті. Отбасылық дәстүрлер мен хоббиердің отбасының бірлігіне ықпалы. 3. Отбасылық дәстүрлерді әдетке айналдыру жолдарын үйрету: практикалық әдістер. 4. Мектеп пен ата-аналардың отбасылық дәстүрлерді сақтаудағы өзара байланысы, өзара құрмет және жаңа дәстүрлер қалыптастыру 5. Ұлттық дәстүрлер мен отбасылық дәстүрлердің сабақтастығы 	мамыр	Қазақ тілі кабинеті	МАД топ жетекшісі Ә.Әжняязова

5-9 сынып оқушыларының ата-аналарын педагогикалық қолдау бағдарламасы

2023-20224 оқу жылы

№	Тақырыбы	Мазмұны	мерзімі	Өтетін орны	жауапты
1	Баланың бас ұстазы – ата-ана Позитивті тәрбие	<p>1. Жасөспірімдердің жас және әлеуметтік ерекшеліктері.</p> <p>2. Ата-ананың бала тәрбиелеудегі міндеті – қателіктерді, кемшіліктерді, ауытқуларды түзету емес, жасөспірімге оң әсер ету.</p> <p>3. Позитивті ата-ананың ерекшеліктері: жағымсыз көңіл-күйден жағымды эмоциялардың басым болуы; жасөспірімнің бойындағы ізгі қасиеттерге назар аудару, күшті және жағымды мінез-құлық қасиеттерін дамыту.</p> <p>4. Позитивті тәрбиенің принциптері мен ережелері. Позитивті тәрбиенің ұлттық бастаулары.</p> <p>5. Ата-ананың позитивті тәрбие нәтижесіне қанағаттануы және психологиялық саулық.</p>	қазан	Биология кабинеті	5 сынып жетекшісі С.Қабиева
2	Ақыл айтпа, жол көрсет Жасөспірімнің бейімделуі	<p>1. Жасөспірімнің физиологиялық (тұрғыда) бейімделуі, оның іс-әрекетін жақсарту жағдайлары. Ұлттық тамақтану мәдениеті – жасөспірімнің физиологиялық бейімделуінің мүмкіндігі.</p> <p>2. Жасөспірімнің әлеуметтік-психологиялық бейімделуі: негізгі қиындықтар.</p> <p>3. Өзінді өзін сыйламасан, өзгеден сый дәметпе. Бейімделу процесіне жасөспірімнің өзін-өзі бағалауының әсері.</p> <p>4. Жасөспірімнің отбасындағы қарым-қатынас дағдыларын дамыту.</p> <p>5. Жасөспірімнің табысты әлеуметтенуіндегі отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі.</p>	Қараша	Қазақ тіл кабинеті	6 сынып жетекшісі А.Мусаева
3	Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер	<p>1. Мүшел жас. Жасөспірімнің жастық дағдарыстары, олардың көріністерінен шығу жолдары.</p> <p>2. Ата-аналар мен балалардың ортақ мүдделері – олардың өзара түсіністігінің негізі.</p> <p>3. Жасөспіріммен қалай қарым-қатынас жасау керек,</p>	Желтоқсан	Қазақ тілі кабинеті	7 сынып жетекшісі Г.Мединаева

		<p>конструктивті келіссөздер.</p> <p>4. Бір күндік ұрыстын қырық күндік қырсығы бар. Жанжал және оларды шешу жолдары.</p> <p>5. Ата-ана мен бала арасындағы эмоционалдық байланысты сақтаудың шарты – кешіре білу.</p>			
4	<p>Бұлақ көрсен, көзін аш.</p> <p>Тұлғаның бойындағы шығармашылықты дамыту</p>	<p>1. Отбасы жағдайында жасөспірімнің шығармашылық ойлауын дамыту әдістері.</p> <p>2. Ертегі ойлап табуға үйрету.</p> <p>3. Қазіргі отбасында балалар шығармашылығын дамытудағы ұлттық ойындардың маңызы.</p> <p>4. Балалармен жүргізілетін шығармашылық әрекеттің тиімділігін арттыру.</p> <p>5. Шығармашыл тұлғаны дамыту үшін отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі.</p>	Қаңтар	Тарих кабинеті	8 сынып жетекшісі Л.Ниязова
5	<p>Ақпараттан ақ-қараны ажырату өнері.</p> <p>Жасөспірімнің желідегі әрекеті</p>	<p>1. Интернет және жасөспірімнің желідегі әрекетінің формалары.</p> <p>2. Жеткіншектердің интернетті пайдалануы: проблемалар, салдары және мүмкіндіктері.</p> <p>3. Ата-ананың жасөспірімді кибербуллингтен және интернет кеңістігіндегі қауіпті көздерден қорғау алгоритмі.</p> <p>4. «Болар елдің баласы бірін-бірі батыр дер...» Желідегі жасөспірімнің мінез-құлқына тәрбиенің әсері.</p> <p>5. Жасөспірімнің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша мектеп пен ата-ананың өзара әрекеті.</p>	Ақпан	Биология кабинеті	9 сынып жетекшісі А.Анаева
6	<p>«Әр нәрсенің өлшемі бар...»</p> <p>«Қажеттілік» пен «қалау»</p>	<p>1. Жасөспірімнің қажеттіліктері мен қалаулары.</p> <p>2. Жасөспірім бойындағы қиын мінез-құлықтың белгілері.</p> <p>3. Жағымсыз эмоциялармен жұмыс істеу алгоритмі.</p> <p>4. Ашу – дұшпан, ақыл – дос. Өзін-өзі реттеу жолдары.</p> <p>5. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын</p>	Наурыз	Қазақ тілі кабинеті	7 сынып жетекшісі Г.Мединаева

	арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтауға болады	алу.			
7	Жасөспірімдермен қарым-қатынас құпиялары	<p>1. Жасөспірімнің өміріндегі ең маңызды нәрсе – достық.</p> <p>2. Қазіргі балалардың достығы. Жасөспірім субмәдениеттері.</p> <p>3. Жасөспірімдер арасындағы қақтығыстар. Қорқыту. Әдепсіз өскен адамнан, тәртіппен өскен тал жақсы.</p> <p>4. Ата-аналардың мінез-құлық стратегиялары.</p> <p>5. «Қабылдау», «құрметтеу», «шынайылық» сияқты ұлттық құндылықтар – адамдар арасындағы жағымды қарым-қатынастың негізі.</p>	Сәуір	Тарих кабинеті	<p>8 сынып жетекшісі Л.Ниязова</p> <p>9 сынып жетекшісі А.Ананьева</p>
8	Отбасы құндылығы – сарқылмас қазына Құндылықтар – отбасы бақытының негізі	<p>1. Отбасылық құндылықтарды қолданудың өзектілігі.</p> <p>2. «Көңіл кең болса, үйдің тарлығы білінбес»: Қонақжайлылық – отбасы құндылықтарының негізі.</p> <p>3. «Мейірімді ата – Мейірімді бала». Ұлттық құндылықтарды отбасында қалыптастыру және сақтау жолдары.</p> <p>4. Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиеті – отбасының құндылығы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрлерді талқылау және қолдану.</p> <p>5. Жасөспірімдер арасында ұлттық құндылықтарды сақтауда мектеп пен ата-ананың өзара әрекетінің маңызы.</p>	мамыр	Биология кабинеті	<p>5 сынып жетекшісі С.Қабиева</p> <p>6 сынып жетекшісі Ә.Мусаева</p>

10-11 сынып оқушыларының ата-аналарын педагогикалық қолдау бағдарламасы

2023-2024 оқу жылы

№	Тақырыбы	Мазмұны	мерзімі	Өтетін орны	жауапты
1	Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу...	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жоғарғы сынып оқушыларының жас және әлеуметтік ерекшеліктері 2. Позитивті ата-ана тәрбиесі – жоғары сынып оқушысының өз болашағын өз бетінше құруға қалауы мен қабілетін қолдау 3. Тұлға дамуының негізі – өз бетінше әрекет ету 4. Ұлттық этика негізінде заман талабына сай өзін-өзі тәрбиелеу әдістері 	қазан	Тарих кабинеті	10 сынып жетекшісі М.Сүндетова
2	Көркем мінез – баға жетпес байлық	<ol style="list-style-type: none"> 1. Эмоционалды интеллект және оның адам өміріне әсері 2. Эмоционалды интеллекттің құрылымдық компоненттері: өзін-өзі тану, өзін-өзі реттеу, эмпатия, қарым-қатынас жасау, (шешім қабылдау) 3. Күйзеліс кезіндегі мінез-құлық алгоритмдері мен тиімді тәсілдер 4. Өсіп келе жатқан балалармен қарым-қатынас мәдениеті 5. Сезім көрінісіндегі ұлттық ерекшеліктер 	Қараша	Биология кабинеті	11 сынып жетекшісі Ж.Жасұланова
3	Сен жанбасаң лапылдап...	<ol style="list-style-type: none"> 1. Кәсіп – өзін-өзі жүзеге асырудың негізі 2. Темперамент, қабілет, мінездің ерекшеліктерін ашу – өзін көрсетудің кілті 3. <i>Ұлы жол үйіңнің табалдырығынан басталады.</i> Балаңызға мамандық пен кәсіп түрлерін таңдауда қалай көмектесуге болады 4. Жоғары сынып оқушысының болашағын анықтауына кедергі болатын қиындықтар 5. Бойындағы бейімділікті дәл табу – өмірдегі бақыт пен табыстың негізі 	Желтоқсан	Тарих кабинеті	10 сынып жетекшісі М.Сүндетова
4	Құмарлыққа бой алдыру – тәуелділік құрдымы	<ol style="list-style-type: none"> 1. Тәуелділік түрлері (тамақ, алкоголь, есірткі, химиялық заттар, вейп, құмар ойындар және т.б.) 2. Оқушы бойындағы тәуелділіктің белгілері 3. <i>Сынықтан өзгенің бәрі жұғады.</i> Тәуелділіктің алдын алу шаралары 4. Тәуелділіктің алдын алуда отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі 	Қаңтар	Биология кабинеті	11 сынып жетекшісі Ж.Жасұланова

5	Жақсыдан қашпа, жаманға баспа...	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жоғарғы сынып оқушыларының интернет қауіпсіздігі 2. Жоғарғы сынып оқушыларының ойынға тәуелділігін диагностикалау 3. Жоғарғы сынып оқушыларының әлеуметтік желілер мен интернетке тәуелді мінез-құлқы 4. Интернетке тәуелділіктің алдын алу шаралары 5. Әлеуметтік желілер мен интернет кеңістігіне тәуелділіктің алдын алу бойынша отбасы мен мектептің өзара әрекеті 	Ақпан	Биология кабинеті	10 сынып жетекшісі М.Сүндетова
6	Күйзелістен шығар жол	<ol style="list-style-type: none"> 1. <i>Көңіл жақсы болғаны – өмір жақсы болғаны.</i> Сіздің ресурстық жағдайыңызды қалай қолдауға болады. Стрестен арылу әдістері 2. Эмоцияны бақылау – стрестен, күйзелістен шығудың жолы 3. Агрессия, депрессия, суицидтік мінез-құлық және стрестің басқа да экстремалды көріністері 4. Қателесу – тәжірибе жинауға мүмкіндік береді 5. Баланың күйзеліске төзімділігін қамтамасыз етудегі мектеп пен отбасының өзара әрекеті 	Наурыз	Қазақ тілі кабинеті	11 сынып жетекшісі Ж.Жасұланова
7	Сүйіспеншілік – сыйластық кілті	<ol style="list-style-type: none"> 1. Махаббат – отбасындағы эмоционалды тепе-теңдіктің негізі. 2. <i>«Айналайын»</i> ұғымы, отбасында балаға жан-жақты қолдау көрсету 3. Эмоцияны білдірудегі шынайылық. Эмоционалды манипуляция. 4. Жоғары сынып оқушысымен «арнайы» тақырыптарда қалай сөйлесуге болады 	Сәуір	Қазақ тілі кабинеті	10 сынып жетекшісі М:Сүндетова
8	Атадан өсиет, анадан қасиет	<ol style="list-style-type: none"> 1. Халық дәстүрі мен отбасы дәстүрінің байланысы. Ұрпақтар сабақтастығы алдыңғы ұрпақтан жастарға білім, құндылықтар, көзқарастар мен дәстүрлердің берілуі 2. <i>Ананың ізін қыз басар, атаның ізін ұл басар.</i> Әке мен ананың отбасындағы рөлі 3. Отбасы тәрбиесінде міндетті түрде ескерілетін мәселе – қазіргі балалардың даму ерекшеліктері 4. Қазіргі құбылмалы қоғамда отбасылық дәстүрлерді сақтау 	мамыр	Биология кабинеті	11 сынып жетекшісі Ж.Жасұланова

«Ата-анаға құрмет – перзенттік парыз»

Баланың болады екен қос қанаты,
Жолында дұғасы болар шапағаты,
Болса егер қанатының біреуі кем,
Жаралы ұша алмайтын құстарға тең.

Барында бағалайық анамызды,
Махаббатпен аялайтын панамызды.
Бағалайық сондай-ақ әкемізді,
Асқар тау, алып шыңдай дарамызды.


Құрметтеу ата-ананы парызымыз,
Адал күші, ақ сүті қарызымыз.
Қуантады ананы әр күлкіміз,
Марқайтады әкені әр ісіміз.

Перзенттік парызым ол осы таңда,
Үлгілі боп, жақсы оқу түзу жолда.
Ата-анасын құрметтеп, сыйлағанның
Ісі оңға басады адал жолда.

Мамай Жанар Самғатқызы

6 сынып, 12 жаста





Педагог-ассистент-Қ.Зейноллаева

